

БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЙЫ

Баяғыда, әлдекалай жазғанымыз бар. Қазаққа жүз қырық төрт жылдан соң, талығып жеткен, қайтадан ту көтеріп, мемлекет құрған еркіндік дабылы – алаш жұрты үшін қуаныш, мерей үстіне, біріне бірі жалғасқан қаншама ас пен тойға ұласты; өткендегі Кенесары ханнан басталған, аруақты батырлар мен арқалы ақын, ұлы жыраулардың, көбіне екі жүз, үш жүз жылға белгіленген дүбірлі мерекелері, түптеп келгенде, түгелімен тәуелсіздік тойы болатын, деп. Осы қатарда, 1993 жылы Бұқар жыраудың да үш жүз жылдығы аталмақ.

Той комиссиясының Гылым академиясы белгіленген ақылдастар құрамында мен де бар екем. Алдынала, он ай бұрын жиналдық. Тарих институтының директоры Манаш Қозыбаевтың кабинетінде. Небәрі оншакты кісі. Нақты кімдер болғаны қазір есімде жоқ. Жетекші Қозыбаевтан соң, антрополог Оразақ Исмагұлов. Жыраудың туған жерінен арнайы шақырылған, жас мөлшері елуге тақау, жаңылмасам, жаңылышын да мүмкін, Нұргали есімді азамат. Бұқар жыраудың тікелей ұрпағы деп таныстырыды. Байқауымша, тікелей емес, қаржас, алтынторыдан шыққан жамағайын. Мейлі. Әйтеуір ел адамы. Аудандық әкімшіліктегі дәрежелі қызмет атқарады екен. Және тойға тікелей жауапты жергілікті өкілдердің бірі.

Біздің жиыннымыз жалғыз-ақ мәселе – ұлы жыраудың асыл сүйегін қазып алып, тиесілі экспертизадан өткеріп, бар болмысын куәландыру және бас сүйегі арқылы нақты портретін жасау төнірегінде болды. Маман антрополог, зерделі ғалым Исмагұлов құлшынып отыр. Аса мәнді, қажетті шаруа, дейді. Манаш Қозыбаевтың да алалығы жоқ. Қалған жұртта қостап жатыр. Мен қайткенде де ұлы жыраудың ұрпақтары атынан қатысушы азаматқа сауал салдым. «Енді, үлкен кіслер қажет деп отырса, карсы емеспін», – деді күмілжіп. Содан соң айттым. «Мен мұлде қарсымын. Ұлы тұлғаның, тіпті, кез келген өліктің ескі моласын қопару – аруақта шет екені өз алдына. Осы отырған қайсыныз «мынау – Бұқар жыраудың нақты моласы» деп қуәлік бере аласыз? Басқа біреудің сүйегі болып шықпасына нендей кепілдік бар?» Сәл-пәл бөгеліп едім, төраға жыраудың ұрпағына сұрақ қойды. «Иә, – деген, іркіліп барып. – Көп бейіт. Соның ішінде, атамыздікі деп, ұрпақтан ұрпаққа айтылып келе жатыр. Нақты өзі деп білеміз...» «Баянауыл ешқашан қазақтың қолынан шыққан жоқ қой, ұрпақтары бағзыдан бері сол жерде отыр, қатесі болмас», – деді Қозыбаев. «Жөн-ақ, – дедім. – Баяғыда Махамбетті

қаздық. Ескілікті куәлікпен қатар, шабылған, кейіннен қосылған кесік бас. Ал Бұқар жыраудың ұлғайған жасынан басқа атаулы белгісі бар ма? Қателесіп кетуіміз оп-оңай... Мен қайткенде де қабірді қазуға қарсымын», – дедім. Бұдан соңғы сөз көп ұзаған жоқ. Манаш ағам маған кішкентай көпшік қойды да, қазақ тарихы, қазақ әдебиеті үшін, кешегі Махамбеттің нанымды бейнесі сияқты, Бұқар жыраудың суретін де кейіптер шығарсақ жаман болmas еді, деп тұжырды. Қалған жұрт та бұл пікірді теріс көрмеген. Қажетті шешім айтылды. Алдағы сентябрь айының басында осы тобымызбен, қазір Қарағанды облысының шегінде қалған Дағба тауына аттанамыз. Көп уақытымыз кетпейді, небәрі екі-үш күндік, аса қажетті, маңызды шаруа. Сонымен тарадық. Мен жасы өзім құралпас Нұргалидың жатын орнын біліп, телефон номерін алып қалдым.

Әуелде арнап барам ба деп едім, үйге келіп, шай ішкеннен соң байсал тартып, жұзбе-жұз кездесуді уақыт алар, артық шаруаға балаған едім. Қолма-қол номеріне телефон соқтый. «Нұреке, – дедім. – Енді екеу-ара, манағы сөзімді таратып айтайын. Қаймана жұрт ерігіп, қызық көріп отыр. Бірақ қызықтайдын жағдай емес. Аруақтың мазасын кетіріп, кейіске қаларымыз өз алдына. Негізгі жауапкершілік – жыраудың әулеті сізге тұсуге тиіс. Мен сақтандыру үшін бір әңгіме айтайын...» Содан соң, баяғы соғыс жылдарында Әлкей Марғұлан Алаша ханның қабірін қазған оқиғасын баяндап бердім. Әлекенде көмекке жергілікті үш жігіт қосқанғой. Кәнігі археологқа тән әдіс-тәсілмен, ептең қаздыра бастайды. Қабір орнының өзі белгісіз. Негізін жобалап, қалың топырақты қыртысымен, жаппай жұқартып жатыр. Қайткенде асығыс жасалмауға тиіс. Әлекен қабірдің белгісі аңдалған кезде тоқтайсындар деп ескертіп қойған. Күнұзақ қарап отыра бере ме, екінші, әлде үшінші күні қымыз ішуге көрші ауылға кетсе керек. Дәп осы кезде қабірдің сұлбасы айқындалыпты. Ауылдық жігіттер бұл кісі сонау Алматыдан келгенде, атақты моладан алтын іздең жүрсе керек, өзі жоқта біразын ала қояйық деп, қолма-қол арши бастайды. Бұдан соңғы хикая – екі-үш тармақ. Өні бұзылмаған жас өспірім жатыр екен, дейді. Беті ашылған сэтте қап-қара болып кетіпті... Жоқ, денесі шірімеген, еңсегей бойлы батыр... Олай да, былай да емес, ку сүйек, алып адам... Ұзын сөздің қысқасы, ақиқат анығы – қабірге тұсken екі жігіт сол күні кешке жетпей өледі, сыртта, қабір жиегінде тұрған үшінші жігіт ертеңіне жанын үзілті. Марғұланның өзі кездейсоқ аман қалған екен... «Атаңыздың қабірін қазғанда осындағы жағдай болып жүрмесін. Қайда, қалай тұрсаңыз да, бар салмақ сізге тұседі. Ескертіп айтқаным!..» – деп тұжырдым. Нұрекен шошып кетті. «Мен өзім де әуелде қарсы едім, ғылым, тарих деген соң... амалсыз...» – деген. «Сіз рұқсат бермесеніз, ешкім де де өз бетімен әрекет жасай алмайды. Мен міндеттімнен құтылдым. Қалғаның өзініз білесіз. Ал, келер жазда атамыздың тойында аман-есен табысайық!» – деп тоқтап едім. Сөйтіп, Бұқар жыраудың қабірі қазылмай қалды.

Қыс өтіп, жаз шықсын. Август. 1993. Ақын, жазушысы бар, тарихшысы және өкіметтіміздің оң назарындағы тағы қаншама жан Қарағандыда тоғысайық. Ахат Жақсыбаев екеуіміз бірге шығып едік,

мейманханада бір бөлмеге орналастық. Ауыл иелері, арнайы бөлінген екі жігіт қосшы болып жүр. Мейманхана фойесінде, асханада. Обылыстық әкімшілік қызметкерлері сияқты. Қазақ. Мен қаншама заман ел аралап жүріп, мұндай сүйкімсіз кісілер көрмедім. Сені тоспайды, өз беттерімен отырады, албаты сөйлейді. Және кәкір-шүкір, мәнсіз әңгіме. Беті жалпақ, толықтау бітімді үлкені ара-арасында ешбір себепсіз қарқ-қарқ құледі. Жарар. Одан бұлінген ештеңе жок. Бірақ мениң жайым келмей, берекем кетіп еді.

Ертеңіне таңертенғі сағат онда атаулы жиын болуға тиіс. Осы мейманхананың өзінде. Астыңғы қабат, дәлізben келе жатырмыз. Ертерек қозғалған сияқтымыз, кісі аз. Кенет алдымыздан жас келіншек шықты, қолында бір жапырақ қағазы бар. Ахат екеуіміздің жолымызды кестеп, Ақселеу Сейдімбековты қөрген жоқсыздар ма, президиумда отыруы керек еді, дейді. Ахат айтты: «Көргеміз жоқ. Мына кісі – сол Бұқар жырауды зерттеген, барлық шығармаларын жариялаған Мұхтар Мағауин...» – деді. «Мен тізімде жоқпын», – дедім жөпелдеме. Келіншек аз-маз бөгеліп, қолындағы қағазға бастан-аяқ ұнілді де; «Ондей кісі президиумға ілінбепті...» – деп, Ақселеуді, тағы біреулерді іздең, ары қарай кетті. «Айттым ғой, бекер сұрадың, – дедім Ахатқа. – Мерекелік шараларды Жетім Куаныш басқарады екен, мені Алматыға қайтарып жібермес, бірақ ешбір санатқа қоспайды», – дедім. Бұлай айтатын жөнім бар. Желтоқсаннан соңғы, Колбин өткізген Партиялық конференцияда біздің қазақтың партократтары бірінің көзін бірі шұқызы ғой, соның бәрінен асып түскен Сұлтанов: «Мениң Қонаевпен де, басқамен де ешқандай сыйбайлас шатағым жоқ, шешем уборщица болды, өзім тақыр жетім естім...» – деп зарланған, содан бері біздің жазармандар арасында «Жетім Куаныш» деген мәртебеге ие болып еді. Бұл ғана емес. Осыдан кейін де Орталық Комитетте бөлім басқарып отырған Жетім Куаныш Мәскеудегі август бүлігінен бір-ақ ай бұрын республикалық «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерінде қатарынан, әрқайсы үш номерге әрең сыйған шерлі толғау жариялады. Ұзын ырғасы: «Коммунистер, сендерге не болған, бұғып отыра бермей, ашық күреске шығайық, Совет өкіметін сақтап қалайық!..» – деген шарасыз ұранға тіреледі. Бұткіл байтақ Советтер Одағында жанкияр, табанды күреске шақырған жалғыз балшабек. Бірақ бұл жалғыздың үні шықса да, шаңы шықпады. Арада қырық күн өтпей, компартия бастаған зұлымдық империясы тырапай аса құлап, шылпара ыдыраған. Бар жүрттың артында қалған Қазақстан өкіметі амалсыздан тәуелсіздік жариялады. Енді кешегі советшіл Жетім Куаныш жаңа мемлекеттің бас ұраншыларының біріне айналып еді. Және мәртебесі бұрынғыдан өсіп, ұлт қайраткерлеріне қарсы күреске шындалап кірісті. Тәптішеп тізбей-ак қояйын, ең басты дүшпандарының бірі – мен болып шықтым, қолынан келсе алғашқы кезекте атқызып жіберер еді.

Хош. Мәжіліс залы – тым үлкен емес, шағын да емес, шамасы екі-үш жүз кісілік. Жүрт енді ғана жиналып жатыр. Мен Ахатты жетелеп алдыңғы қатарға келіп отырдым. Төрдегі, игі жақсыларға арналған ұзын

столдан еңсесі асып тұрған Бұқар жырау бабамның майлы бояумен салынған, шартты, бірақ сындарлы суретінің қарсы алдына.

Көп ұзамай, ғылыми, әрі салтанатты жиыннымыз да басталып кетті. Төраға – жаңағы Жетім Куаныштың өзі. Екі жағында және екі қатарымен – Академиядан келген тарихшы, әдебиетші ғалымдар және біздің Ақселеу Сейдімбеков бастаған жазармандар. Бірінші сөз, толымды баяндама – академик, ғылым докторы, профессор Манаш Қозыбаевқа тиесілі еken. Сөзінің әлхамын: «Аса көрнекті жазушы, әрі білгір тарихшы Мұхтар Мағауин...» – деп бастады. Біздің нешеме жыл бұрынғы, қындық пен қысас астында атқарған қызметіміз ғой. Бұқар жыраудың жинақты мұрасын архивтен аршып алғанымыз, талдау зерттеу, нақты тұжырымдар, әдебиет тарихынан алатын орнын белгілеуіміз... Одан әрі – Бұқар мұрасының мән-манзызы. Хош. Келесі, тәрізі жергілікті, ол да тарихшы, бәлкім әдебиетші азамат алғашқы емес, екінші сөйлемінде маған сілтеме жасап, бұдан соңғы өрісін айқындаған. Үшінші баяндамашы – Әлкей Марғұланның кейінгі күйеу баласы еді. Ол ешқандай кіріспесіз, бірден-ак біздің есім-сойымыздан бастаған: «Мұхтар Мағауин айтқандай, Бұқар жырау...» сондай да сондай, ерен тұлға... Маған арнаған шағын мадақ сөзінен соң, ыржиып күліп алды. Аз-маз көңілді еken. Бірақ уақасы жок, баяндама мәтінін үзіп-жулып, ортасынан асыра бере тоқтаған. Бұл да бір кызық еken. Біздің қатардағы, арттағы біраз жүрт жамырай қол соғып, «Күйеу бала қайын жүрттына келген соң еркелемей бола ма...» – десіп, қошаметтеп жатты. Партиялық жиын емес, әрі жаңа заман, көпшілік қауым аяқталмай қалған толғамының өзіне риза болысқан.

Осы кезде... жиын төрағасы Жетім Куаныш қарама-қарсы, төрт-бес-ақ қадам, жалпы жүрт қатарында жадырап отырған маған жылмия қарап, әлдебір ишара жасап, ықылас білдіргендей болды. «Мұха, Сұлтанов сізді төралқаға шақырады», – деді ақкөніл Ахат. «Маған емес, – дедім. – Тәрізі, залда қалып қойған әлдебір сыйайласын шақырганы» – дедім. Келер мезетте арнайы кісі келіп, мені төрге жетелемек болды. Қозғала қоймап едім, «Куаныш Сұлтановичтің өзі айтты», – деген үздіге сыйырлап. «Куаныш Сұлтаныбыш бәрібір өзінің төрағалық орнын бермейді, Бұқар атама қарам-қарсы отырған осы орнын жайлышып», – дедім, дауыс көтермесем де, әжептуәр қатқыл үнмен.

Арада азғана уақыт өтер-өтпесте қатарынан екі жігіт келді. Тәрізі, мені білмейтін үлкенін, суретімнен таныған кішісі нұсқалап. Әлде Алматы, әлде Қарағанды теледидарынан. Осы той күні Бұқар жырау туралы сөйлеп берсеніз, дейді. Иә, мұның жөні бөлек. Дәлізге шықтық. Бір жігіт үшаяққа қондырылған түсірігіш аппаратын сайладап тұр, екіншісі – әлденендей сұрақ қоймaston, микрофонын аузыма тосты. Содан сөйлеп берейік. Әлде он бес-жиырма минут, әлде жарты сағат. Түгелдей жазып әкетті, тәрізі, риза болғаны, бастьарын шайқап, алғысын айтты. (Ақыры, арада бірер ай өткенде, кездейсоқта, Алматыдан көрейін. Әрине, әнгіме арқауы Бұқар жырау болған соң, толғауларын түйдектете, ағыла сөйлеп жатырмыз. Тек... мойындағы галстугім қисайып кетіпті. Сірә, манағы, төралқаға төтенше шақыру кезінде басымды қаттырақ шайқасам керек.

Тележурналист екі жігіт, бірі аузымды бағып тұр, екіншісі қарсы алдында, сырыйлдатып түсіргелі жатыр, тым құрса галстугімді ондаса керек қой, жоқ, бұларға да бәрібір, әйтеуір міндеттен құтылу. Бұткіл Қазақстан шегінде қаншама адам көрді. Әрине, бәрі де қисайған галстукті бірден андады, салақтық па, әлде манағы күйеу бала сияқты аңғырт көңілден бе, – қайткенде көйлегімнің жағасына емес, айтқан сезіме көбірек назар салуға тиіс, әйтсе де ыңғайсыз жағдай, таң қалдым да қойдым, ренішке жол жоқ еді.)

Сонымен, мен ішке қайта кірмей-ақ жиын аяқталды. Енді ұлы жыраудың ескерткішін ашу рәсімі. Сыртқа шықтық. Аспан бұлышынғыр, сілбіреп жауып жауып тұр еken. Соншама жабырқау ахуал. «Атам мейлінше ренішті, – дедім. – Әлденеге риза емес...» Мен қайда барсам да тұрқы бір-ақ сүйем, ол кезде таңсық, бұктемелі қолшатып алғып жүрем, Ахат екеуіміздің басымызға қорғаныш болды. Ескерткіш орнаған жер тым тақау, таяқ тастам еken. Биік тұғыр, ақ жамылғы. Ресми екі-үш ауыз сезіден соң сыйлы бір кісілер ашуға ыңғайланды. Жамылғыны жерге жете салбырап тұрған арнайы бауынан тартып еді. Әлде осы жіптігі үзілді, әлде мата шырмалды, жамылғы сол қалпында қалған. Енді қайттік. Басқарушылардың бірі оңай амал тауып еді. Алаңның арғы шетінде көтергіш кран тұр еken. Әжептәуір бөгелістен соң кісісін, немесе тетігін білетін біреуді тауып, жылжытып алғып келді. Әлде жүргізуісі, әлде кранның өзі, мұлде епетейсіз еken, сорайған ескерткішке неше рет жақындал, неше рет кері шегініп, оңтайын таба алмай тұр. Қапелімде сүзіп, немесе жанап кетіп, жыраудың мұсініне зақым келмегей деп, жанымыз шығып барады. Ақыры, краншы жігіт көтергіш мойнақпен өрмелеп барып, жамылғыны сұыра сыптырып алғаны. Уh!.. Сол беті деміміз бітіп қалғандай еken. Басында сыйықсыз, жайылма қалпағы бар арықша шал. Тұр-тұлғасы қазағыныз не, қалмақ, қытайдың өзіне жақындалмайды. Әйтеуір аузы, мұрны, шұңғрайген екі көзі бар сүмпайы бірдене. Шалғы шауып, белі ауырған кезде бойын жазып, тыныстап тұрған орыс мұжық... Сол заманнан бастап, тәуелсіздік аталағын отыз жылда қазақ елінің әр тарағында отыз емес, бірер жұз ескерткіш орнатылған шығар. Басым көпшілігі сын көтермес сөлемекет. Алайда, осы, барынан жоғы қаншама сүмпайының ішінде Бұқар жырау ескерткіші, талассыз, бірінші орынға лайық пәлекет еді. Жебірлік заман жаңа басталып, күн озған сайын қарқындал бара жатқан кез. Сөз жоқ, ұлы жырау ескерткішіне қыруар ақша бөлінген. Міне, орайлы тұста оңай олжага аты-заты белгісіз әлдекім ие бола кетеді. Бағы зор, қайткенде маман мұсінші емес бір жақынына тапсырады. Әрине, өзіне еселі сыбағасын қамтып. Әлдебір бөлшегін үлкендермен бөлісті, немесе барлыжоғын жалғыз өзі жалмады, әйтеуір екі аяғы, екі қолы және сыйықсыз басы мен күшиған кеудесі бар, құбыжық деуге тым жұптыны, ескерткіш деуге оннан бір нұсқасы жоқ, карикатуралық бірдене. (Кейін, арада екі-үш жыл өтпей, жарылып, шытынай бастайды, содан ақ кебінге қайта оралыпты, ақыр соңында басқа бір тұста басқа бір ескерткіш тұрғызыпты деп естідім, анық-қанығын білмеймін; қайткенде әуелгі нұсқа, сырттағы

ұсқынсыз кейіп ішке жайылып, ақыры өзін өзі өлтіріп, ажал тапқан сияқты.)

Сол күнгі кеш бұрынғыдан да көңілсіз болды. Ұйықтадық, ұйықтамадық, таң бозында Бұқар Бабаның асыл сүйегі жатқан Далба тауын бетке алып, ұлкен автобустарға отырдық. Біз – Алматылық жазармандар және жергілікті бір жігіттер. Ахат Далбада бұрын да болғам деп, тәрізі, асығыс шаруасы бар, қалып қойған, сол күні Алматыға кетуге тиіс. Төрт сағат па, үш сағат па, сапардан соң Ұлы жыраудың басына жетіп едік.

Міне, тамаша. Бұқар жыраудың күмбезі андағайлап, бірден көзге шалынған. Елу-алпыс қадамдай жерде, ойпаңға жалғас қырат шетіне тоқтадық. Әлде жүргізуші, әлде бастаушы жігіттердің бірі: «Бұл жерде отыз минут тұрамыз, содан соң тойлы ауылға барамыз», – деген. Жапырлай түстік.

Үш қырлы, биік, шамасы алты қабат үйдей, бірақ сүйрік, көк күмбез әдемі ғана емес, айдынды көрінді. Иіле біткен үш қабырғаның сыртқы, іргелес табаны бес метрден. Құбыла жағында үсті дөңгеленген, ойық есік. Кезек күтіп біраз адам тұр екен. Мен ішке кіrmес бұрын күмбездің қабырғасын сыйпалап, солдан онға қарай үш айналып өттім. Тұрғысы берік, жақсы қаланған сияқты, сырты көкшіл мәрмәрмен қапталған. Жымы білінбейді, біртұтас, бітеу құрылым кейіпті. Алақаным өзгеше жылу сезінді. Бұл екі арада адам сиреген, біздің кісілер де өтіп кеткен сияқты. Ішке кірдім. Ақ мәрмәр еден. Үстіне бір қабат ірмек тас төгіліп, жайыла біткен, кенерлі қабір. Елбір тұрып бет сыйпалап, тізе бүгіп, жоғарғы бір тұсина мәндайымды тигіздім. Аруақты Бұқар бабам туған халқының тарихы ғана емес, жүргегінен де өзіне тиесілі орнын алыпты...

Сыртқа шықтым. Баяғы Мәшіһүр-Жұсіп айтқан, Далба тауының қойнауындағы кен, байтақ бейіт. Төнірегі түгел жатаған қырат, қак ортасы – шамамен екі гектардай ойпаң екен, жыптырлаған тас молалар. Берісі он сегізінші ғасыр, тіпті, одан да әріден бастау алатын киелі шаршы. Енді қасиеті бұрынғыдан да арта түскендей, бір шалғайына Бұқар Бабаның көк күмбезі орнады. Мен байтақ зираттың жалпы сұлбасын андадым да, тақау тұстағы, кесек-кесек қызыл гранит тастардан әрқылы үйліген, тіпті аз-маз қалауы да бар ескілікті бірнеше моланы бажайлап қарап, Атамның күмбезіне қаратса жүрелей отырып, барлық аруаққа бір пара құран бағыштадым. Күн салқын еді. Мана мұрсатқа берілген жарым сағаттың он сегіз минуты өтіпті. Енді, қимасаң да қайту керек.

Тиіп тұр. Шамасы елу-алпыс метрдей ғана. Аз-мұз толқымалы қалыпта, автобусымыз тұрған тұсқа қадам бастым. Алысырақтан көз салып қарамасам керек, жете бере аңырап қалғаным. Автобусым жоқ. Орын ауыстырды дейтіндей, тақау төніректе де көрінбейді. Біздің автобус қана емес, ешбір көлік. Жан адам жоқ. Мола басында жалғыз өзім ғана қалыптын. Мынау қызық болды. Қызық емес, қын. Тау іші болғандықтан ба, күн райы біржола бұзылды ма, салқын, салқын емес, сүйк ызғарды бар денеммен сезіндім. Айттым фой, жаз ортасы, тамыздың басы. Арқада үш ай жазда күндіз ыстық, түнде самал. Артық киім, тым

күрса жауын-шашыннан қамсау жадағай да алмаппын. Қәдімгі костюм, галстук таққан бір қабат ақ көйлек. Кеше, немесе түнде бұл арада қалың жаңбыр жауған сияқты, ойпаң жерлерге іркілген қақ беті қабыршық мұз. Оның үстіне, манадан бері байқамаппын, терістіктен азынап, сұық жел соғып тұр. Мен қызық емес, қын да емес, қатерлі жағдайға түскенімді анық андадым. Мынандай шарасыз ахуалда өкпең қабыныш, арылмас сырқатқа шалынуың ықтимал. Ықтимал ғана емес, анық. Ай далада тұрмын. Тақау маңда ел бар ма. Болса, қалай қарай, қайтіп жүрем. Бұқар Атамның күмбезіне кіріп, аздап бой жылыттым. Содан соң, қатар-қатар, аумақты, қызыл граниттен кейіптелген биік тас молаларды ықтап жүріп, байтақ зираттың біраз жерін адақтап шықтым. Жалғыз-ақ үміт – манадан кешігіп қалған біреу-міреу келіп қалар деген далбаса. Маған тым ұзақ көрінген жарты сағаттай уақыт өтті. Тыпа-тыныш. Ызғырық жел бұрынғыдан да азынай түскен сияқты. Сұық сүйектен өтіп барады. Мен бой қызырымақ дәмемен, қалың мола ішінде жүгіре алмайсың, бір орында секіріп, әрқылды қимыл жасай бастадым. Кенет, анадайдан бұлдыр көлеңке, не аруақ, не адам, күмбез ішіне кіріп кеткендей көрінді. Жете бере іркіліп қалып едім. Көп тұрмадым, әлдебір кісі қайта шықты. Кісі болғанда, былтыр Алматыда ұшырасқан Нұрғали. Ол да күтпеген, мен де күтпегем, екеуміз де тосырқап қалыптыз, келер сәтте жадырай амандастық. «Ау, Мұқа, қайдан жүрсіз?» – дегені. Ал өзіңіз ше? Оңашада атамның басына арнайы құран оқып, тасын сыйип кетейін деп едім, дейді. Мен өз жайымды айттым. Автобус кетіп қалыпты. Менен кінә жоқ, айтылған уақытынан көп бұрын келіп едім... Нұрекен сол кезде ғана менің жалаң-жалпы күйіме назар аударды. Қолма-қол үстіндегі былғары күртесін шешіп берген. Өзіңіз қайтесіз, деп едім, жылы, түие жүн кеудешесі бар екен, оның ішінде тағы бір қабат киім. Соған қоса, жана жіберген машина бір сағаттан кейін келеді, деді. Осы ауыл, тақау жерде тұрсақ та, бұл көпбейітке айында, жылында бір келе алмаймыз, мұрша жоқ, осы бүгінгі кеншілік жағдайды пайдаланып, бастан-аяқ аралап, тәу етіп шығайын деп едім, бұл арада біздің жеті емес, кемі он, он екі атамыздың сүйегі жатыр... дейді. Мен тойлы ауыл қайда деп сұрап едім, шамасы осыдан екі-үш шақырымдай, деді. Терістік-батыста, әнеу бір қарауытқан тоғайдың арғы жағы. Ал бәйге мен ойын соның оң жақ қапталы, жазаң қырқада, бұл шамадан көрінбейді. Айтқанымдай, бір сағаттан соң машина келеді, сізді жазушыларға арнайы тігілген үйге апарып тастанмын, деді. Осы бір сағатта жер көріп, бой жылытып, таза ауада жайлап жүрсем, өзім де барып қалармын, дедім. Иә, деді оңашалық тілеп тұрған Нұрекен. Қатар-қатар қырық шақты үй тігілген. Біздікі – бергі шеттен санағанда, екінші ақ отау... Мениң жанымды сақтап қалдырыз, дедім. Енді мына күртені өзіңізге қалай тапсырам? Кешке дейін қолым босамайды, деді. Сол үйге қалдырып кетерсіз, өзім алам...

Мен Нұрғали туысыма ракмет айтып, қаусыра құшақтадым да, жана айтылған бағытпен жүріп кеттім. Қазақтың осы жер дегені көш жер, екі, үш емес, кемі төрт шақырым болса керек. Алайда, кеудем көтеріңкі, көнілімде көк күмбез, бар шебі тоза бастаған, ойпаң жағы қияқты, қыран

жағы жусанды кер даламен, кеудемді кере дем алып, Бұқар Бабамның «Күн батыста бір дұшпан...», «Кеше, қара қалмақ бұлдерде...», «Күпшек санды күренді, – Тәбияға жаратқан...», тағы басқа толғауларын ен далада, желмен жарыстыра, дауыстап айтып, құран сөзіндей қайталап, жақсы жеттім. Бергі жағы қалың тал, арғы беті үстірт, ойпанға қатар-қатар тігілген ақбоз үйлердің, мана айтылған екіншісіне келіп кірдім.

У-ду, арқа-жарқа он-он бес адам. Бәрі де үдірейісп қалған. «Сендер мені ай далаға тастап кеттіңдер!» – дедім қатқыл үнмен, бірақ даусымды көтермей. «Алыр-ай, – деді Қарағандыдан ерген жігіттердің бірі. – Сізді машинаға мініп кетті деп еді ғой...» «Айналасы бес минутта қайдағы машина», – дедім. Үй иесі бәйек болып, төрдің етегіне таман ынғайлап жатыр. Ет желініп болған, шайдың өзі аяқталып қалған сияқты. «Әдейі тастап кеттіңдер!» – дедім көпке қаратса. Төрдің төбесінде отырған Ақселеу көсемсіп: «Қазақта той күні ішкен мас, жеген тоқ дегендей, қапелім бір жағдай...» – деп бастады. «Қоя-қой, – дедім. – Басқа емес, сенсің. Машинамен кетті деп...» Үндей алмай қалды. Үй иесі табак түбінде қалған бірдеңені қырмаламақ сияқты, ештеңенің керегі жоқ, дедім. Бір шыны шай болса... Бір шыны шай құйылды. Сұйқылтым, салқын, әрі сұтсіз. Қatalap қалған екем, үш-ақ ұрттадым. Қайыра ұсынбадым. Дәп осы кезде ауыл жігіттерінің бірі үйге кіріп еді. Қарағандыға қайтпақ екен. Баратын кісі болса ала кетпек. Мен орнымнан тұрдым. Сізben бірге кетейін... Әлде Ақселеу, анығы басқа біреу, бәйгені көрмейсіз бе, деп еді. Менің Бұқар Бабамың басындағы төрт шақырымдық жаяу бәйгем бітті, дедім де, үй иесіне манағы Нұргалидың былғары құртесін тапсырдым. Бұл кісі қалбалақтап, сізге тойдан тәбәрік болсын деп, шапан ұсынып еді. Бойым әлі де тоңазуы мүмкін, бірден киіп алдым. Ықшам, қызыл пүліш шапан. Қолдан тігілген екен, бір жеңі қыскалау сияқты. Сол беті, жаңағы жөнекей машинамен жүріп кеттім.

Бұдан соңғысы есімде жоқ. Тәрізі, кешегі мейманханаға келдім. Мұнда Алматыдан қолға ұстаған кәдімгі портфельде бір қабат ішким және тіс шөткесі мен паста, бәлкім, шағын блокнот пен тегіршік қалам болса керек. Сол күні ме, ертеңіне ме, арнайы рейсті ұшақпен Алматыға да жетіп едім. (Иә, айтпақшы, мені ызғарлы сұықта жалаңаш-жадағай қалыпта ай далаға әдейі тастап кеткен Ақселеу Сейдімбековтың мәселесі. Бұған дейін арамызда ешқандай реніш болмаған. Анау бір жылдары, «Жалын» журналында отырған кезімде алғашқы повесін басқам. Енді «Жұлдызда» тоқтаусыз, үнемі жарияланып жатыр. Тіпті, араз-құраз болсақ та, мұншама пасық әрекет ақылға сыймайды. Мен уақытынан бұрын келдім ғой, кешігіп жатсам да тосу керек. Пенденің осындай да ұсағы болады екен. Алайда әркімнің өз бойына шақ пигыл, әрекесі бар деп, артықша мән бермеп едім. Ақыры, бұл Жантық маған қарсы ашық әрекетке көшті. Бізге керегар беттегі әлдекімдерге жағынбақ. Немесе, әліне қарамай, өзіне бақталас санаған түйтіе түсінігімен, мейлінше кемітіп қалмақ. Өнімсіз іс. Маған ғана емес, өткен аруаққа шет қаншама былығын түгендереп біту біршама жұмыс. Ең берісі – Абайды Кенен Әзірбаевтың артына қойған, қиялдағы Қазыбек Tayасар мен Өтейбойдақ дегендерді

тарихи тұлға деп, бұлар жазыпты-мыс жалған еңбектерді үлгі тұтқан, батыр жырау Ақтамбердіні басқа бір ауылға аударып бермек болған, тағы да басқа жұз сан арамдығы аруақтың шамына тиіп, қыры сүмдыққа айналды. Бірақ мен сол бір жолғы сімтік әрекетін елемесем де, қазак рухына қатысты бықсық істерінің ешқайсын кешіре алмайды екем. Тәнірі таразы, тиесілі, ауыр сыбағасын алды десек те.)

Кейін естігенім, тойдың арты ылаң болыпты. Аламан жарыста бес айналым бойы оза шапқан қарагер атқа адал бәйгесін бермей қояды. Орта жолдан ат қосылды, яғни, бәйге тәртібі бұзылған дейтін сылтаумен. Бұл арам ат төртінші келіпті. Бәрі көрініп тұр, айдан анық, ендеше басқа тұлпарлардың жазығы не. Жоқ, болмайды, бәйгенің өзі дұрыс емес. Бәрі теріс. Ешкімге ешқандай сияпат жоқ. Хош. Ақындар айттысина да машина тігілген екен. Ол машинаны жеңімпазға емес, жюри бастығына береміз деп, қыры даудан дау туып, тағы да ешкімге ештеңе бұйырмай, аяқсыз қалады. Той қамындағы бір үйде өрт шығып, әлдекімдерді қүйік шалады, тіпті, бір кісі қаза болып кетті деп еді. Кейінірек, сол ауылға қатысты азаматтың айтқаны: жыл уақыты толғанша, осы Бұқар жырау тойын бұлдірген, жеген, әрқылы қияннаттың басында жүрген он үш кісі өлді, деп. Егер шынымен де аруақтың кәріне ұшыраса, ең алдымен осы тойдың бар қызығын көрген Жетім Куаныш кетер еді. Есен-аман, күні бүгінше ойнақтап жүр. Ал анау кіслер кім болса да уақыты жеткен. Қайткенде, өлім – ауыр, артық салмақ. Бұқар атам – от ауызды адудын би, алаштан озған арқалы жырау, бірақ жауыздық мінезі жоқ, мейірбан, кең қазақ болған. Берекесіз той – уақытша бір жағдаят қана, керек десеңіз, сол қатардағы берекелі тойлардан түгел озған ерекше нәтижесі бар, ол – үш қырлы, көк мәрмар күмбез. Ал сәтсіз ескерткіші, жана айтқанымдай, қайтадан жасалып, басқа бір көшеге қойылған екен.

Иә, тағы бір бықсық. Мен үйге келгеннен соң, арада екі-үш күн өткенде біздің үлкен құдағи телефон соғады екен, өзінің жалғыз құдағиы, біздің бәйбішеге. «Ау, әжесі, Мұханың үлкен тойдан әкелген күміс сервізінен менің балаларыма бірдене сыйламайсың ба?» – депті. Қайдағы сервіз, дейді біздің әйел. «Сараптың қой. Біздің әлгі, Жогарғы Советте референт Пәленгүл, қаншама қымбат ыдыс әкеліпті, шайға шақырып, барып көрдім. Ал, Мұхандар, әрине, одан да артық. Тарынба. Жұз жасаған атамыз екен, ырым үшін біздегі екі немереге екі күміс қасық. Ешкімге ұстаптай, сақтап қоямыз...» – дейді. Біздің әйел: «Аталары ештеңе әкелген жоқ, бір жеңі шолақ пүліш шапаннан басқа. Құдаға сыйлар еді, мазақ қылды дейді ғой, бірақ өзі Бабамың шапаны деп үстінен тастамай, мәз болып жүр...» – деп әрен сендіріпті. Мәселе дүние-мұлікте емес. Айлық азық, жылдық үнем болмайды. Кейінде Бұқар жырау тойы туралы жазған жергілікті журналист: «Той қымбатқа түсті, Алматыдан келген қонақтарға аса бағалы сыйлықтар жасалды», – деп жазғаның республикалық газеттен оқыдым. Бізге ештеңе тиген жоқ. Жиында да, аста да төрде отырған Ақселеудің өзі жыртық шапаннан аспаса керек. Яғни манағы алтын-күміс мүкәмал – облыс басшыларының Алматыдағы билеуші тапқа пара бергені есепті. Қатардағы референт

күміс сервис әкелсе, басқаларының сияпаты есесімен. Айттық, мәселе тәбәріктің арзан, қымбатында емес. Атақты Абай тойының өзінен бізге суыртпақ жіп бұйырмады. Оның есесіне Ақан Сері тойында тартқан суретті, кәрлен көзе, Мағжан тойынан бұйырган, хрусталь табақты әдемі сағат – ерекше ескерткіш есебінде Алматыдағы пәтеріміздің қонақ бөлмесінде тұrap еді. Иә, мәселе сияппатта емес, кәделі әбірет, ырымда. Ең бастысы – ұлттық мерекенің дулы, думанды болып, бүкілхалықтық сыппатта ұйымдастырылуы. Бұқар жыраудың 1993 жылы Қарағанды қаласы мен Дағба тауында, Куаныш Сұлтанов пен облыс көсемдері басқарып өткізген үш жұз жылдық жиыны – осы дүбірлі, асқақ кезенде жасалған қырық тойдың ішіндегі ең берекесіз той болып еді. Той емес, топалаң десек жөнге келеді. Әйтеуір атаусыз қалмағанына тәуба.

Ол рас. Күмәнсіз. Кім қалай ұғып, қалай тартса да, Бұқар жырау тарихтағы өз орнында тұра бермек.

2–4.X.2019,
Күміс Бұлак, АҚШ.